



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 10 қыркүйек

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

623

№

город Костанай

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
мектептік тамақтанудың перспективті
мәзірін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі О.А. Бектеновтың 2024 жылғы 19 қарашадағы № 38 хаттамалық тапсырмасының 1-бөлімі 1-тармағының 16) тармақшасын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті ережесінің 19-тармағы 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысының 2025 жылғы 11 тамыздағы № 268 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған мектептік тамақтанудың перспективті мәзірі жұмыста қолдансын.

2. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану құны 6-10 жасар балаларға - 760 теңге (ҚҚС-сыз); 11-15 жас – 807 теңге (ҚҚС-сыз); 16-18 жас – 852 теңге (ҚҚС-сыз) болып белгіленсін;

3. Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында бекітілген тамақтану стандартына сәйкес балалардың жасы мен физиологиялық қажеттіліктеріне сай үйлестірілген және құнарлы тамақпен қамтамасыз етілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру ұйымдарының тіршілік қарекетін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.С. Оспановаға жүктелсін.

Басшы



А. Ибраева